



Жылдыз

## «ТАМЫР МЕН ЖАПЫРАҚ» ДАСТАНЫ – СИМВОЛДЫҚ ШЫҒАРМА

Жүмекен Нәжімеденовтің «Тамыр мен жапырақ» поэмасын автор «табиғат дастаны» – деп атапты. Бұл бастан-аяқ символдық шығарма. Символ, яғни астарлау көркем сөз теориясының ежелден келе жатқан тәсілі. Оны талай классиктер өз еңбектерінде ұтымды пайдаланған. Орыс әдебиетінің алтын ғасырының өкілдері А.Пушкин, М.Лермонтовтан бастап қазіргі заман ақындарына дейін қолданып, қазақ әдебиетінің өкілдері өз шығармашылықтарына етенелендірген. Сөзді құбылту көркем шығарманың эстетикалық әсерін күшейту құралдарының бірі боп қызмет атқарып келеді.

Ақынның бұл шығармасы – қазақ әдебиетіндегі тұтас астарлауға құрылған тұңғыш ірі туынды. Оның әдебиетіміздегі үлкен жаңалық есептелуінің мәні осында. Шығарма әдебиетіміздің құнарлы топырағынан тамыр тартқан. Оның авторы – экспериментшіл ақын Жүмекен болуы да заңды. Себебі ол лирикалық шығармаларында символ тәсілін мол қолданған. Әрі мұндай батылдық тек жаңашыл ақын Жүмекеннің ғана қолынан келетін еді.

Талантты авар ақыны Р.Гамзатовтың «Менің Дағыстаным» атты табиғаты бөлек шығармасында таулық кемеңгер Әбутәліп қарттың көпті көрген кемеңгерлігі үлгі етілген. Әр тарау сайын «Әбутәліп айтыпты» деп жиі қайталанатын тіркес дастанға эпиграф ретінде алынған. Онысында мән бар. Әр халықтың өз Әбутәлібі бар. Дастанда Әбутәліп сияқты қазақ демосфені – философ Қайыр қарт елес беріп отырады. Автор: «Қайыр айтты» деп, әлсін-әлі Қайыр қарттың сөзін шығарма тарауларына қисынымен енгізген.

Қайыр қарт – талай тарих, арғы-бергі замандағы дала ғұмырын көз алдынан өткізген, көпті көрген, көп білетін кемеңгер ретінде алынады да, ақын өзінің дастанындағы тұжырымдарына оқырманын сендіру үшін Қайыр қартты сөйлеттіреді.

Табиғаттағы адамға ең жақын нәрсе желекті де жемісті терек. Автор осы қарапайым табиғат перзентін астарлап, адам өмірімен байланыстырады. Тамыр мен жапырақта да адам тағдырына ұқсастық бар екен. Ағаш жапырағының жайқалуы, дінгегіне, айнала қоршаған ортаға сән беруі тамырына байланысты. Адам өмірінде де әр адамды бір-бір жапыраққа баласақ, оның негізгі тамыры – халқы деген философиялық ой тастайды да, әрі қарай поэма желісіне ілестіріп әкетеді.

Поэма кіріспеден, жеті тараудан және қорытындыдан тұрады. Шығармада біртұтас тартылып жатқан ой-тамыр мен жапырақтың, яки халық пен әр адамның бірлігі, бір-бірімен біте қайнасуы суреттелген.

Ағаш өмірі: жазғытұрым бүр жарады, көктейді, жайқалған жапырақ шашады, жемісін береді, күзде жапырақтар сарғаяды, бұтақтарынан түседі, сөйтіп, қыс бойы ағаш дінгегі жалаңаш, жапырақсыз күйді бастан кешіреді. Келесі жылы осы процесс айнамай қайталанатын. Ағаш дінгегінің ғұмырлы болуы, бұл – тамыр мен жапырақтың табиғи одақтастығының нәтижесі. Ақын «Табиғат дастаны» деп айдар таққан шығармасында осы үйлестік адам өміріне сәйкестендіреді де, жапырақ – адаммен, тамыр – халық өмірінен ғұмырлық философиялық ойлар туындатады. Мектеп мұғалімінің шәкірт алдында көрнекті құрал қолданғанындай, тайға таңба басқандай анық, оқырман санасына көрнекті түрде, сақаға құйған қорғасындай ұялатады.

Оқырман дастаннан адам мен халықтың бір-бірімен байланысынсыз еш нәтижеге қол жетпейтіндігін ұғынады, әр адамның өз жетістіктері де, халықтық табыстар та тек қана осы тұтастықта екенін терең сезінеді.

Ақын тамыр мен жапырақтың мұндай тұтастығы ешқандай сыртқы күштердің бұйрығынсыз қарапайымдылықпен орындалып, жүзеге асып жататындығын, табиғи өмірдің өз ағысымен үйлесуінде екендігін айта келіп, осындай қарапайымдылық адам өмірінде болса керек деген үлкен тілек жатқандығын аңғарамыз. Алайда, ақын табиғаттағы қарапайым сәйкестік адам өмірінде болмай қалатындығына қынжылады. Ақын: «Неге бұлай?» деген сауал қояды да, осы сауалға жауап іздейді. Дастанның кіріспе бөлігі - шығарманың негізгі идеясына нұсқаған лейтмотив.

Қайыр айтты:

*Тау да кейде ұмытты,*

*Тас та ұмытты, ұмытты.*

*Қарапайымдылықты*

*Тағдыр ма, әлде әсер ме,*

*Біздің елде домалаған тасы өрге –*

*О да паңдық көрсетеді,*

*О да айыбын:*

*Үріксе де – өрге қарап үркеді,*

*Менсінбейді кішкене үйді, күркені,*

*Қабырғасын қалаймын деп сарайдың.*

*Жә, мен айттым:*

*Дауыл болып дүркіреуден үмітті,*

*Бетті желіп есетұғын жай гана*

*Самал жел де ұмытты*

*Қарапайымдылықты.*

Ақынның суреттеуінде жапырақ пен тамырдың тағдырына араласып жүретін, негізгі шешуші күш – үшінші бір бейне бар. Ол – дауыл. Иә, табиғат дауылы заңды құбылыс. Ол жаратылыс перзенті теректің тамырының мықтылығын бір сынаса, оның жапырағының күшін екі сынайды. Демек, ақынның астарлауынша халық пен әр адамның тағдырына дауылша араласып жүретін заман ағымы бар. Жапырақ, Тамыр, Дауылдың астарланған бейнелері – Халық, Адам, Заман. Табиғат дауылы қандай заңды болса, заман ағымы да сондай табиғи. Ақын философиясы – мұндай құбылыссыз тіршілік болмайды, бұл өмір, болмыс заңы дейді. Сондықтан ақын: «Бірақ кейбір дауылдардың заңы әділ» деп тегін айтпаған. Және осы пікірін нықтай түсу үшін тағы да былай дейді:

*«Әділдік те болар еді далбаса,*

*Анда-санда сілкіп-сілкіп алмаса!»*

Дауыл іспетті заман ағымы халық пен адамның бірлігін, ынтымағын сынау арқылы сол мықтылықты шынықтыра түседі. Халық пен адамның бір-біріне деген сенімін, шынайылығын дәлелдейді.

Алайда табиғаттағы қарапайым заңдылық адам өміріне келгенде бұрмаланып жататынына ақын астарлау арқылы ой тоқтаттырады. Бірінші тарауда бір теректің құлап жатқанын былай бейнелейді:

*Ерек апат келді-ау дедім бұған да,*

*Бір көк терек құлап жатты тыраңдап,*

*Бұтақтары жер сабады, шаң ұшты.*

Жыр былайша әрі жалғасады:

*Қайран көкірек, намысшыл зой, намысшыл:*

*Үміті бар үлкен мекемелерден*

*Жігіт еді ол өлермен,*

*Лауазымды биік қойған өнерден.*

Ақынның нұсқағаны анық: терек бейнесінде берілген жігіт жоғары дәрежелі қызметке ұмтылса да қолынан іс келмейтін еді, себебі ол халқының мол тәжірибесінен, білімінен нәр алмаған, оның күшіне сенбеген адам, сондықтан әлгі терек құсап, бұтақтары жер сабап жатты. Тағдырдың дауылы соққанда құлауына басты себеп тамырының әлсіздігі, яғни халқымен байланысының жоқтығынан деп білмейді тоғышар жігіт, кері ұғымда болады. Автор оның өзін сөйлетеді:

«Жебеушінің жоқтығы, - деп, - бір епті», -

Әлгі жігіт мұңын шағып жүдепті.

Шығарманың бұл тарауындағы жігіт-теректің өз кемшілігінің неде екендігін терең ұғынбай, оның зардабы жебеушінің жоқтығынан деп пайымдауына ақын қатты ыза болады.

Екінші тарауда ақын Дауыл-заманаға мән бере сөйлейді. Табиғат дауылы, заман ағымы әр маусымда, әр кезеңде өзінше толғанып, өзінше қопара әрекет етеді. Әлсіздік пен Мықтылық осы жерде сынға алынады. Дауылдан теректің әлсіз жапырағы үзіліп ұшқаны сияқты, қоғамды жайлаған әлсіздіктерден: әлсіз жандардан, негізсіз істерден, шындығы жоқ заңдардан, тозған ғылыми тұжырымдардан тазартатын заманның дауылды ағымы деген автор идеясы анық көрінеді. Қазіргі қоғамымыздағы өзгерістерге зер салсақ, ондағы түбегейлі өзгерістер автор болжамының жүзеге асқандығын дәлелдейді. Дастан сексенінші жылдардың басында жазылғандығын ескерсек, ақын көрегендігінің куәсі боламыз. Күні кешегі адамзат баласының дамуының мәңгілік жолы – мәңгілік зерделі ғылым деп келген коммунистік ғылыми қисындардың күлі көкке ұшқанын көзіміз көрді. Заманның дауылды ағысы қазір оны іске алғысыз етті, ол күлдібадам, бұлдыр бірдеңе болып шығып, құдайдай сеніп келген Коммунистік партияның да аяғы аспаннан келді. Заманның жойқын дауылы қозғалта алмаған бір алып бар. Ол – халық. Ақын пайымдауынша, оның символы – тамыр.

*Ал тамырлар өміршең зой масқара,*

*Өсе алады тасқа да,*

*Мен де тасқа өскен жанмын,*

*Жасқама, маусым желі!*

Сонымен бірге, тамыр топырақтан нәр алса, халық шындыққа суарылған.

*Әу басында назардан тыс жаралған,*

*Шын мықтылық топырақтан нәр алған.*

*Күретамыр атайыншы мен сені.*

Бұл жерде халық бейнесі шебер ашыла түскен.

Бұл тараудағы автордың тағы бір көтерген мәселесі – қандай болмасын мықтылықтың сыртының жылтырлығымен, түр-түсімен, сәнімен бағаланбайтындығы. Адам баласын адастырған алданыш нәрсенің бірі осы дейді ақын. Ол Қайыр қарттың аузына сөз салып, Аяз биді сыртқы тұрпатына қарап, «адамның жаманы» деп бағалаған уәзірлердің бейшаралығындай кемістік біздің өмірімізде де орын алып отырғандығын астарлап келтірген. Ақын осы тәсіл арқылы «жемісті ағаш – ажарсыз ғой қашан да» деген шындықты айтады.

*Сыбдырлардан сыр алам деп күттім кіл,*

*Жылтырлардан жылу күттім, күттім кіл.*

*Сыртың бітті, сылдыр тірлік, бітті үлгің,*

*Саған, саған сене алмаймын!*

Ертегі кейіпкері Аяз биге салыстыра келе, ақын жалпы көз алдайтын жылтырақтар, сәншілдіктер адамзат баласын шындықтан аулақтатындығына: сөйтіп, негізгі тіршілік діңгектерінен де ада қылатындығына көзімізді аша түседі. Табиғаттың ашылған талай құпияларын дастан штрихтары етіп енгізе отырып, ең негізгі маңызды, өмірлік нәрселердің алдамшы жылтырақтардан аулақ болатынын дәлелдейді. Адамзат өміріндегі ең мәнді нәрсенің табиғаты жалт-жұлттан таза деген шындық ұсынады. Мәселен, ай бетін жарқыратып сәуле шаштырып жатқан топырақ екендігін, тіршілік дүниесі вулкандар атқылаған топырақтан нәр алатындығын айтады да, жер бетіндегі биологиялық өсіп-өнулер осындай күлгін түсті, сәнсіз топырақтан жаратылатынына сендіреді. Өсімдік тамыры топырақтан нәрленіп, мәуесін берсе, шындықтан суарылған, тамырланып бойына өз еркінен тыс кемеңгерлік дарытқан ой – ел басшысынан бастап, барлық істе де адам қабілетіне қарай лайықталуын насихат етеді, қоғамдағы табиғилыққа осылай жетелейді.

Дастанның үшінші тарауы екінші тараудың логикалық жалғасы, ақын поэтикалық ой өзегін әрі қарай дамыта түседі. Жұмекен адамның қоғамдағы өз орнын табу тақырыбына тереңдей енеді. Бұл өмірдегі шешуін таппай, іс басындағыларды талай адасуларға душар етіп жүрген осалдықтардың бірі деп біледі. Төмендегі поэтикалық жолдар соны нұсқайды:

*Жан етем деп тайғақтарды тағалап,  
Жылтырлығы үшін тасты бағалап,  
Бас бағалап құлақтарына қарап,  
Ағаш танып жапырағына қарап, –  
Жүріп жатқан жайымыз бар, жасағат.*

Лауазымды аңсау, оған жан ұшыра ұмтылыстар толастамайды, бұл әлі өшпейді, әлі де бола береді. Ақын осындай тұжырым жасай келе, сол «аңсаулар» мен «ұмтылыстардың» өзінің қаншалықты қауқары бар екендігіне мән бермейтіндігіне, өзінің ұмтылған ісіне лайық па, жоқ па, оған бас қатырып жатпаған көзсіз құмарлыққа қынжылады. Сонымен бірге, табиғи дарындар, мақсатына ессіз берілгендердің елеусіз қалып, олардың қолпашталмау, бағаланбау сырын ашады. Бұл – басты қоғамдық дерт. Дарындар - тамыры мен топырағынан алған жапырақтар мен діңгектер сияқты өз халқының қасиетін бойына дарытқандар. Олар табиғатында лауазым, атақ, даңқ қуаламайды. Олардың ұмтылысы өз қарабастарын ойлаудан туған құлқынқұмарлық емес, көкірегі қалаған адам баласының тіршілігі үшін шексіз пайдасы мен мәні бар, адам ғұмырын көріктендіре түсу үшін мүмкіндігі бар іске құштарлық. Ақын мұны мына жолдарға астарлай сыйғызады:

*Сол баяғы Ғарыштарға ғашықтық,  
Алыстарға асықтық,  
Армандарға асықтық.*

Шынайы таланттардың, халқы сүйген ерлердің, біртуар перзенттердің арманы осындай. Мұндай арман қуғандардың лауазым, атаққұмарлық дертімен ауырғандармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, олардың табиғаты бөлек екенін ескертеді.

Поэманың төртінші тарауы планета қауіпсіздігін мәселе етеді. Ақын оқырман алдына бейнелі суреттер ұсынады. Планетаны алма ағашына балайды. Ол мәуелеген шақта дауыл соға көрмесін деп тілейді. Планетаға ендігі соғар дауыл осал емес. Ол – атом бомбасының апаты болмақ. Мұндай алапат қауіпті болдырмау жолында дана бастар ойланып, қызметтенсе деген пікір білдіреді. Оның тағдырына «құрсақтың камын ойлап ындын сап жүргендер» араласпаса екен деп тілейді. Мұндай мәніс білмес құлқынқұмарлардың жер тағдырына онша жаны ауыра қоймайтындығын ескертеді. Сонымен қатар айнала қоршаған өмірден бірін-бірі тартатын

заңдардан гөрі, бірін-бірі тебетін заңдар көбейген, соның салдарынан жер бетінде қаптаған қақтығыстар мен қарсылықтар көп. Ақын ескертуі орынды:

*Ей, тамырлар, тамырлар,*

*Топырағыңды бүріңкіреп ұсташы!*

Тіршілікте қандай жақсылықтар болса, соның бәрі тек халық даналығының арқасы деген ой шығарма көтерген тақырыптардың бірі. Сол адам игілігіне жаралған жақсылықтарды бағалай, аялай білу керек. Басты игілік алмалар мен жүректер, екеуі де табиғат сезімінің, қан сезімінің жемістері. Оларды ұстап тұрған шынайылық пен нәзіктік. «Екеуін де байқап ұста, саусақтар!» деп ұрандайды ақын.

Автор:

*«Тек көп таратады-ау адам қан,*

*Адал қан да – сол тамырдан жаралған», –*

деген тұжырым жасайды. Бірақ жемістік қасиеті жоқ, жапырақ іспеттілерді,

*«Селтеңдейді желігін,*

*Қашан күз боп құлағанша жер ұрып»*

– деп, өзінің тағдыры неге байланысты екенін ұмытқандарды келеке етеді. Поэманың бұл тарауында Жүмекен тәжірибеден туындаған философиялық нақылдарды Қайыр қарттың лебізімен білдіреді. Мысалы:

*Кімнің жүрегі адал болса,*

*Дүниеге сол тұтқа...*

*...Ақ тигылдан айла асқан*

*Мына дәурен өтпес дейсіз қай бастан!*

*...Кісі қорқар хан болып-ақ алыстан,*

*Кісілігін жоғалтпаған данышпан.*

Ақын бұл нақылдарының барлығын да басқару проблемасына байланыстырады. Бұл мәселе тағы да Аяз бидің хан болуына байланысты оқиғаға жүгіндіреді. Ол ел басқарғандарды дәрежесі асқаннан кейін,



қарапайымдылықты елемей кететіндіктеріне соққы береді. Оларға Аяз бидің асып-тасып кетпеуі үшін өзінің боршыны мен жалба тұмағын босағаға іліп қойғаны сияқты, шыққан тегін ұмытпауды ұлағаттайды. Сөйтіп, әрбір істің, ел басқару тұтқасын ұстағандардың өз тамырына, халқының қайнарына бас ие жүруді, құрметтеуді уағыздайды. Жер басып жүруіміздің тамырымыздың – халқымыздың арқасы екендігін мәңгі ұмытпай, шыққан тегіміздің қасиетін жоғары ұстау адамгершіліктің, қарапайымдылықтың белгісі, сондықтан әр адам өз тегін қасиеттеу керек деген идеясын дамыта түседі.

Дастанның бесінші тарауында Тамыр тұлғасы жақсы ашылған. Ағаш тамыры әманда жер астында, көзге көрінбейді. Ал тамырсыз теректің ғұмыры болар ма? Адамдар жемісті ағаштың гүліне, оның мәуесіне масаттанады. Оны көріп, жүректерінде әсем сезім пайда болады. Сөйте тұра, осы ағашты соншама құлпыртып, көздің жауын алғандай ғажап тартымдылықты дарытып тұрған не нәрсе екеніне мән бере бермейді. Осылай бейнеленген астарлы ой өзегін адам өміріне көшірсек, ағаш жемісі мен жапырақтарындай бақытты, шатты, үлбіреп өскен адамдар да өзі ортасынан өрбіген халқына мән бермей жатады. Ағаштың тамыры арқылы жайқалуын еске алсақ адамның халқынан нәр алатындығы белгілі. Әрі адам перзентінің әрқилы саналық ерекшеліктерімен көрінуі оның тегіне байланысты екендігіне ой тоқтаттырады. Тектің ең жақын шекарасы әке болса, уақыт қойнауына тереңдеген сайын арғы жағында ата-баба, ең ақырында, халық деген ұғым жатады. Алайда Тамыр да, Халық та өз жемістерін мақтаныш тұтып, өз маңызын жоғары көтеріп, өз дәрежелерін жалаулатып жатпайды. Міне, Тамыр даналығы, Халық даналығы осында. Бұл қасиет Тамыр-Халықтың ұлылығын көрсетеді. Оның дүниеге берген асылы – асыл күйінде табиғатынан көрінеді.

*О, тағдырдың әмірі,*

*Тамыр біткен әрі жомарт, әрі ірі:*

*Жапырағым көрінсін деп бас құрап,*

*Бұталарым көктесін деп жақсырақ,*

*Бірлік үшін бір-біріне күш қосып,*

*Тірлік үшін жатыр әлі тамырлар*

*Топырақтармен тістесін.*

Міне, символданған Халық – Тамырдың қимыл-әрекеті, арман-мүддесі. Тіршілікте Халық – Тамырға да сын бар. Мұны Қайыр қарт философиялық нақылмен ерек айтады:

*Ғұмыр деген сандырақ,*

*Жапырағың өспесе егер жалбырап.*

*Табиғат заңы, тіршілік заңы сол – Тамыр –*

Халық пен жапырақ – Ұрпақ бір бірімен тығыз Табиғат заңы, тіршілік заңы сол-Тамыр – Халық пен Жапырақ – Ұрпақ бір-бірімен тығыз байланыста, бірінсіз бірі жоқ. Егер Тамыр-Халықта, Жапырақ-Ұрпақ болмаса, ешбір табиғат сәні де, мәні де болмас еді, табиғат дәстүрі ілгері аяқ баспас еді. Ғұмыр, болмыс біржола өшер еді. Тамыр-Жапырағымен, Халық-Ұрпағымен қадірлі. Қайыр қарттың ұғындырмағы осы. Мұны жақсы түсінген Тамыр-Халық:

*«Жапырағымның арқасында мені тамыр атайды,*

*Топырағымның арқасында мені тамыр атайды», -*

дей келе, өзінің Тамыр – Халық болуының мәнін ашады:

*Кімсің десе – топырағымды атаймын,*

*Желкілдеген жапырағымды атаймын!*

Міне, Тамыр – Халықтың ұлылығы қайда жатыр. Дастанның осы тарауында Шындық проблемасы көтеріледі. Өмірдің өзі шындықтан тұрады. Шындық – шынайы өміріміздің табиғаты. Шындықсыз өмір қалай алға ұласа алмаса, атқарған іс те көбіктей, мәнсіз бірдеңе болмақ. Адамның әрбір ісінің де, сөйлеген сөзінің де негізінде шындық жатады. Істеген істің, сөйлеген сөздің тегі – тамыры - шындық дейді ақын. Бұл мәселеде де әділ де қайсар Қайыр қартты араластырады.

*Сұр бөстекке шөгіп алып сексен боп,*

*Қабағын сәл көтеретін қабарып:*

*«Тамырыңды көрсет!» дейтін қадалып,*

*Кетсе біреу әлдеқалай көп сөйлеп.*

Қайыр данышпанның алдына талай адамдар сөйлеген сөздерінің тамырын көрсетіп барып, шындығына қандырады екен. Ақын біздің заманымызға да Қайыр сияқты өтіріктің бетін ашып, шынайылықты жария қып отыратын тез керектігін ұсыныс етеді. «Әйтпейінше, - дейді ақын философиясы, - қазіргі алмағайып заманда ер-қоянға айналып, көк есек-тұлпардан озып, жолбарысты-мысық талап, қабыланды-түлкі қорқытып, қыранға-саршұнақ шаңқылдап, өтірік – шындықтан басым түсіп жатпақ».

*Бұл бұта – көк, бірі қурап солғанда –*

*Өзге түгіл қарайтұғын болған ба*

*Күннің көзі де айналаға алалап? –*

деп, дастан тарауын мұңды түйіндейді, астарлы ойға тағы да бір тоғытып кенелтіп тастайды.

Алтыншы тарауда табиғаттың қаймағы бұзылмай, сол атам заманғы калпында жылма-жыл қайталанып келетіндігін, шынайы табиғат заңында еш өзгерістің жоқ екендігін айта келе, ал сол шынайылық адам өмірінен аласталғаны, аяқ басқан сайын өтірік, қарынның тоқтығы ой тұтқындап, шын шешендердің тілі байланып, шындық жоқтығының ең сорақы трагедиялық түрін ақын жиіркенішпен айтады:

*Кейде табиғатпен де күліп қоштастық,*

*Жер бауырлап жатып жылау орнына.*

Ақындық ашыну бұдан артық қандай болмақ!

Ақын Қайыр қарттың сөзімен өтірік атаулыға мынадай үкім шығарады:

*Қылмыс емес өтірік айту көпіріп,*

*Сену бірақ өтірікке - өтірік.*

*Өзіңді-өзің өлтірудің құралы*

*Өтірікті айтқандар да кінәлі,*

*Сенгендер де кінәлі.*

*Табиғаттай қарапайымдылықтан*

*Бұл да ауытқу сияқты, ал*

*Гүлдің-дағы ұяттан*

*Қызарады құлағы.*

Өтіріктің тіршілігіміздің барлық саласында да белең алып, шындықты тұтқындағаны басты өмір проблемасы деп түсіндіреді. Өтірікпен ғана өмір сүріп отырғанымызды көрсетіп, көзді қаптаған шелді сыпырғандай етеді.

Жетінші тарау – дастанның түйінді бөлігі. Ақын алдыңғы тарауларда айтылғандарға қорытынды жасайды, астарлап көрсеткен жапырақтар, бұтақтар, тамырлар бір елдің бір ғана бөлшегі құмды даладағы ауылға, малына құм боранына қосыла шабуыл жасаған қасқырды кішкене деталь етеді. Жыртқыштардан қорғанудың дәстүрлі тәсілі болатын – қора жанына қарақшы – «қасқыр тұлыптар» ілініп қойылатын, сөйтіп жан сақталатын еді.

Ал елге шабуыл жасаған жау – «қасқырлардың» кейпі жойқын. Оларды өз тұлыптарымен үркіту, не қорқыту мүмкін емес. Ол тіршілікті жермен-жермен ететін алапат күш. Ол жапырақтар мен бұтақтарды отағандай еліміздің жерлерін жайпап, ерлерін құртты, талай боздақ қыршын кетті. Автор ел (бұрынғы СССР) тарихына үңіледі де, Антанта мен Гитлерді еске түсіреді. Бұлардың адуын екпініне тойтарыс беруге жан-жүрегімен қарсы шығып шайқасқан ерлерді атайды. Бұл оқиғалар да заманның қарлы борандары мен күлді борандары еді. Бірақ мұндай дауылдардың ызғары өшпейтіндігін, еліміздің жүрегіне қайғы боп қалатындығын айтады.

*Боран өтті – қалды бізде ызғары,*

*Бейне шыңның мұз-қары.*

*Өшпейді екен жүректегі қайғы да.*

Рас. Жойқын боран ағаш жапырақтарын қалай жалаңаштаса, соғыс елді де солай типылдады. Сидіған ағаш қалды. Ерлері құртылған ел қалды. Жапырақ жойылса да, ағаштың тамыры аман, ерлер өлсе де, халық аман.

*Ағаш сынды халық та*

*Жапырағын тастап түлеп отырар.*

*Күре тамыр халық бірақ қалды аман.*

Ақын Жүмекен күретамыр халықтың ролін дастан тарауында айқындай түседі. Оның ұлылығын мақтаныш етеді, оның еш уақыт өлмейтінін, құдды жылма-жыл күз дауылында жапырағынан айырылған терек іспетті, халық та әр заман дауылы соққан сайын ұлылары мен батырларынан, бетке шығар қаймақтарынан айырылып барып, оларды қайта дүниеге келтіретінін, оның өшпес қасиетін көтереді. Осындай халықты құрметтеп өтуге, оның алдында бас июге, мәңгі ұмытпауға, дәрежесі өскен жігіттің өзінің тегін ұмытқаны секілді естен шығаруға болмайтындығын ұлағат етеді.

Әлі талай замандар өтер, әлі талай дауылдар соғар, топандар болар, бірақ күретамыр – халық мәңгі жасайды, планета аман болса, халық өшпейді. Кеудесін соққан не керемет жойқындардың бәрінің де тағдыры жапырақ

тағдырындай қысқа мезгіл аясының ғана қожасы. Талайларды - батырды да,  
ұлыны да, небір ғұламаны да дүниеге әкелер Тамыр-Халық аман болсын!

Поэма идеясының көтерер туы осы.

*Жүсіп Қадыр*